

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы N 1242 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 маусым N 819

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы N 1242 P981242_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 45, 409-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы ережеде: кіріспесіндегі және 22-тармақтағы "мемлекеттік жұмыспен қамту қызметіне", "Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің" деген сөздер тиісінше "Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға", "Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің жолдамасы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады .

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган заңдарда белгіленген тәртіппен ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған мемлекеттік тапсырысты ұйымдарға шарттық негізде орналастырады";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жергілікті атқарушы органдар ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі шараларды қамтитын жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Азаматтарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады";

12-тармақтың екінші абзацындағы "міндетті әлеуметтік және медициналық сақтандыру" деген сөздер алынып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Материалдық жәрдем көрсетілген, қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздарға жұмыс басталған күннен бастап материалдық жәрдем төлеу тоқтатылады";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру осы жұмыстарды ұйымдастыратын ұйымдардың қаражаты есебінен және еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығынды ішінара өтеу мемлекеттік бюджеттен жүргізіледі";

15-тармақта "бағдарламаларында" деген сөз "ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

17 - т а р м а қ т а :

"Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының" деген сөздер "жергілікті бюджеттің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қолы бос халық үшін еңбекке ақы төлеу жұмыс беруші қаражатының

немесе жергілікті бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі" деген сөйлем алынып тасталсын;

18-тармақ алынып тасталсын.

21-тармақта:

"Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырған кезде:" деген сөздер "Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) орталық атқарушы органға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың атқарылғандығы туралы есеп береді";

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Қасымбеков Б.